



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 12-13 (8275-8276) Сенбі 31 қаңтар 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

КӨРСЕТКІШ - КӨШЕЛІ, ҚАЗЫНА - ЕСЕЛІ...

С. Қалмұратов,
“Ауыл жаңалығы”.

Ауданымыздың салық жинаушылары үшін өткен жылдың қорытындысы жаман болған жоқ. Салық түсімінің белгілі бір пайызын беріп отырған ірі «KCC E & C / Zhambyl zhol kurylys» компаниясының ауданымыздағы жұмысының аяқталуына байланысты тоқтауына, салықтық тексерулердің уақытша тоқтатылуына қарамастан, барлық деңгейдегі бюджеттің кірісі бойынша ауданымыздың салықшылары бекітілген жоспарды толығымен орындап шықты.

Мемлекеттің тіршілік тынысы, әрекеті, алдағы жоспары, көздеген мақсатқа қол жеткізу, барлығы қазына қаражатына байланысты екені анық. Ал, салық қызметінің негізгі міндеті - заңды және жеке тұлғалардан түскен салық есебінен халықтың қазынасын еселеу. Қазір салық жүйесінде кездесіп келген бірқатар қиындықтар еңсерілді.

Аптаның сәрсенбісі күні аудан әкімдігінің мәжілістер залында облыс әкімінің бірінші орынбасары Бекболат Орынбеков және Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Асқар Тынысбековтің қатысуымен жиын болып өтті. Аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме, бөлім басшыларының басын қосқан алқалы жиында аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Әзімхан Қылыбаев ашып, жүргізіп отырды.

Аталмыш жиында алдымен Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы



Алтайбек Серікбаев өткен жыл қорытындысы бойынша кеңінен баяндама жасады. (Баяндаманың толық нұсқасы газет санының үшінші бетінде жарияланып отыр).

Өткен жылдың қорытынды болжамдық сомасы неңі есебінен орындалып отыр? Бұған, ең алдымен, ауданның нақты салық салу базасын қалыптастыру, мемлекеттік және атқарушы органдармен бірлесіп, қосымша кіріс көздерін табу нәтижесінде қол жеткізілген. Осындай ішкі резервті іске қосу негізінде бірқатар кіріс көздері жаңадан анықталып, мемлекеттік бюджетке қосымша 182,7 млн.теңге құйылған. Оның 136,0 млн. теңгесі республикалық бюджетке, 46,7 млн.теңгесі жергілікті бюджетке бағытталған.

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауында тағы да шағын және орта бизнестің дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасау қажеттігін жүктөді. Бүгінде ауданымызда 71

528 салық төлеуші тіркелсе, оның 2 035-і жеке кәсіпкер, 453-і заңды тұлға, 2 933-і шаруа қожалықтары ретінде тіркеуден өтіп, жұмыс жасайды. Дегенмен, мемлекеттік салық саясатының оларға жасалып отырған жеңілдіктеріне қарамай, уақытша тексеру тоқтатылғандығын пайдаланып, салық төлеуден жалтарушылық кездесіп қалады. Кез-келген өркениетті елде салық төлеу азаматтық іс, міндетті парыз болып табылады.

Аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы 2014 жылға бекітілген мемлекеттік бюджеттің жоспарын артығымен орындап шыққан. Яғни, салық және басқа да төлемдерден бюджетке түсетін қаржы болжамының сомасы артығымен орындалыпты. Сонымен қоса, ортақ қазынадан жергілікті бюджетке түскен қаржының көлемі де айтарлықтай. 2014 жылдың қорытындысында Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының болжам сомасы 1905,3 млн. теңгені құрап, мемлекет қазынасына нақты 1930,9 млн. теңге

түскен немесе жоспардан тыс 25,3 млн. теңге салық өндіріліп, жоспар артығымен 101,3 пайызға орындалған.

Сондай-ақ баяндамашы жалпы бюджеттің орындалу барысы, қосымша түсімдер, салықтық тесерулер, берешектермен жұмыс, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, өндірістік емес төлемдер, мемлекеттік қызметтер көрсету, әкімшілік істер, мәжбүрлеп тарату, жұмыс барысында уәкілетті органдар тарапынан орын алған кемшіліктерге жан-жақты талдау жасай отырып, аталмыш басқарманың алға қойған міндеттерін саралап берді.

Бұдан соң мінберге көтерілген аудан әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Дулат Жақыпбеков Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының баяндамасын негізге ала отырып, аудан бюджетінің кірісін құрайтын салықтық және салықтан тыс түсімдер, аудан бюджетінің сапалы орындалуы мен өңірде салық базасын нығайтуға бағытталған «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы мен үдемелі индустриалдық-инновациялық жобалардың жүзеге асырылуы туралы мәлімет берді.

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Асқар Тынысбеков аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Алтайбек Есіркепулының өткен жыл қорытындысы бойынша жасаған баяндамасына жан-жақты талдау жасап, салық базасын нығайту,

шаруа қожалықтары бойынша жалдамалы жұмысшылар санын көбейту, көлік салығын жинау барысына қатысты нақты ұсыныс-талаптар жүктөді.

Жиын соңында сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Бекболат Серікбекулы салық базасын күшейту бойынша облыс аумағында қолға алынған жобалар, белгіленген шаралар, ағымдағы жылы Байзақ ауданына бөлініп отырған қаржы көлемі, атқарылуы тиіс жобалар жөнінде айтты. 2015 жылға бекітілген болжам көрсеткіштерді орындау үшін мекеме, уәкілетті орган басшыларына, ауыл әкімдеріне айыппұлдарды толық өндіру, жалдамалы жұмысшылар санын арттыру, көлік салығын толық көлемде жинауды ұйымдастыру, мәліметтерді дер кезінде тапсыру, мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілген тендерден жеңімпаз аталған салық төлеушілердің тізімін анықтап, салықтық міндеттемелерін толық көлемде орындату, тұрғын үйлердің бағалау құнының есептеу методикасының базалық құнына өзгеріс енгізу үшін ұсыныс беру өзеректі жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Көрсеткіш – көшелі, қазына – еселі болды. Дегенмен, салық – халықтың ортақ қазынасы, әлеуметтік-экономикалық жағдайды нығайту негізі екенін тағы да пысықтаған Бекболат Серікбекулы жиынды қорытындылай келе, облысымыз республика көлемінде салынған айыппұлдарды жинауда соңғы орында қалғанын, жекешелендіру арқылы мүлкікті жариялаудың екінші кезеңі жүріп жатқанын және биылға жоспарланған басымды емес бағдарламаларды қысқарту қажеттігін міндеттеді.

АУДАН, АУЫЛ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ ЕСЕП БЕРУДЕ

ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ - ТҰРҒЫНДАР МЕН БІЛІК АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Тұрғындар мен білік арасындағы байланыстың бір көрінісі – есептік кездесу екені белгілі. Өйткені, мұнда халық өмірдің дамуы, экономикалық жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы мәліметтерден биліктің өз аузынан хабарлар болады. Сондай-ақ өздерінің ұсыныс-талаптарын ортаға салуға мүмкіндік алады.

Белгіленген кестеге сай, аптаның сәрсенбісі күні Көптерек ауылы және Темірбек ауылдық округінде есепті кездесу болып өтті.

Ретімен баяндай кетсек, жиын басында келісілген жүргізу тәртібі мен регламентке сәйкес, алдымен аты аталған округ әкімдері жиналған жұрт алдында жыл бойы атқарған жұмыстары туралы есептерін берді. (Осы жерде айта кетер жәйт, ауыл тұрғындары ауыл әкімдерінің есептерін бұрынғысынан, яғни алдын ала, аудан әкімінің есебінен бұрын тыңдаған тиімді екендігін атап өтті). Өз ауыл тұрғындары алдында есеп берген Көптерек ауылының әкімі Б.Рысқұл да, Темірбек ауылдық округінің әкімі А.Амиров те онда негізінен жалпы ауылдың (округтің) бүгінгі қалыптасқан жағдайы, статистикалық мәліметтерге сүйенген әлеуметтік, экономикалық, мәдени тұрғыдағы деңгейі, қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы, үстіміздегі жылдың жоспарлары, шешімін күткен өзекті мәселелер жайын жан-жақты баяндап өтті.

Бұдан соң аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы, аудан әкімінің орынбасары Ә.Қылыбаевтың ауданның 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы есебі тыңдалды.

Өз баяндамасын есепті мерзімде, ауданның өнеркәсіп саласында өндірілген өнім, оның өткен 2013 жыл көрсеткіштерімен салыстырғандағы нақты көлем (104,3 пайыз) индексінен бастаған Әзімхан Қылыбайұлы аудан экономикасының негізін қалаушы-ауыл шаруашылығы

саласына тоқталып, кеңінен мәлімет берді. Атап айтқанда, егіншілік бағытында-егілген дақыл түрлері, жиналған өнім көлемі, оларды

мемлекет тарапынан субсидиялау, жылыжайлар салудың, тамшылатып суару технологиясының тиімділігі, мал шаруашылығында-төрт түлкінің өсімі, мемлекеттік «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламаларының орындалу барысы, шағын тауарлы сүт фермаларын салу ісінің орындалуы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, «Бизнестің жол картасы-2020», «Өңірлерді дамыту» бағдарламаларының жүзеге асу жағдайы, негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі, пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемі, аудандық және облыстық мәндегі автомобиль жолдары және оларға жүргізілген жөндеу жұмыстары, елдімекендерді табиғи газбен, ауыз сумен қамтамасыз ету, салық түсімдерінің орындалу деңгейі, еңбек нарығы («Аумақтық даму» бағдарламасының, «Өрлеу» жобаларының) бағытында атқарылған шаралар, сонымен қатар денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет салаларында жүзеге асырылған жұмыстар, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының жұмысы, аудан аумағындағы ұлтаралық қатынас, діни бірлестіктер, жастар саясаты, қылмыспен күрес мәселелері жасалған ауқымды есепті баяндаманың арқауы болды.

Бұдан соң кезек ауыл тұрғындары тарапынан өздерін мазалап жүрген сұрақтарын қоюға, ұсыныс пен тілек, ой-пікірлерін білдіруге мүмкіндік берілді.

Кеңес ауылының тұрғыны, зейнеткер Әуескүл Бестерекбаева асырауында мүгедек баласы бар жалғызбасты ана ретінде және отбасындағы



материалдық жағдайды алға тарта отырып, баспанасына жөндеу жұмыстарын жүргізуге билік тарапынан қолдау болады ма деген сұрағын қойды. Азаматша өтінішін арнайы комиссия отырысында қарап, тиісті шешім шығарылатыны айтылды. Көпшілік атынан сөз алған ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекжасар Ермаханбетов ауылдың күнделікті өмірімен байланысты бірқатар мәселелерді көтерді. Олардың қатарында ауылды газдандыру, ағын судың ташылығы, ауыл мен аудан, қала арасындағы автобус қатынасы, ауыл тұрғындарының гинеколог, стоматолог сынды дәрігерлерге деген мұқтаждығы, ауылға кіреберістегі көпірдің қауіпті жағдайы, ауылдық учаскелік полиция қызметкері жұмысына көңілдерінің толмайтыны, ауыл жастарының тәрбиесі, ауылдық сайлау учаскелерін өзгерту мәселелері. Олардың әрбірі бойынша толыққанды түсініктер берілді.

Сонау шалғайдағы Темірбек ауылдық округі тұрғындары атынан сөз алған Ахмет Байғұттиев ақсақал мен ауылдық ардагерлер

кеңесінің төрағасы Мұхамеджан Салырқұловтар аудан басшыларына нақты үш мәселе қойып, оның шешімін сұрады.

Оның біріншісі – егіншілікке қажетті ағын суды жеткізу үшін ауылға барар Темірбек каналын тазалау болса, екіншісі округ елдімекендерін табиғи газбен қамтамасыз ету және ауыл жолдарын жөндеуден өткізу.

Ауылға су барар аталмыш каналды осы күнге дейін бюджет есебінен қаржы бөліп, тазалауға кедергі болудың бірден бір себебі оның осы күнге дейін иесіз болып келуінде. Ауыл әкімі каналдың жуық арада, заң талаптарына сай, иесіз ретінде әділет басқармасында тіркелгенін жеткізді.

Газдандыру мәселесіне келер болсақ, Темірбек ауылы да басқа елдімекендер қатарында жоспарға ілініп, қажетті техникалық-экономикалық негіздеме жасалып, тиісті министрлікке табысталған. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті қаржы қажет, ол республикалық бюджет есебінен бөлінуге тиіс. Ал, ауыл көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу жұмыстарын «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында ауыл әкімінің құзырындағы мәселе екендігі тұрғындарға түсіндірілді.

Жалпы қос ауыл тұрғындары да жасалған баяндаманы мұқият тыңдап, арнайы дайындалған слайдтар арқылы аудан аумағында түрлі салаларда атқарылған істерді көріп, қанағаттанатындықтарын жеткізумен қатар, аудан басшылығына ризашылықтарын білдіріп жатты.

(Жалғасы 2-бетте).

АУДАН, АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ ЕСЕП БЕРУДЕ

ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ - ТҮРҒЫНДАР МЕН БІЛІК АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

(Соңы. Басы 1-бетте).


Осындай есеп беру кездесулері бейсені және жұма күндері Дихан, Түймекент, Суханбаев және Жанатұрмыс ауылдық округтерінде өтті.

ДИХАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Кесте бойынша белгіленген мерзімде басталған кездесуде алдымен Дихан ауылының әкімі Олжас Ақылбаев өткен жылы ауылда атқарылған жұмыстар туралы жергілікті тұрғындар алдында есеп берді.

Содан кейін аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Әзімхан Қилыбаев жалпы аудан бойынша 2014 жылы атқарылған шаруаларға шолу жасады. Әзімхан Қилыбайұлы ауданның әлеуметтік – экономикалық жағдайына тоқталып өтіп, кәсіпкерлік, білім, денсаулық, спорт, мәдениет салаларындағы жетістіктер мен өзекті мәселелерді ашық айта отырып, қолға алынған жұмыстар жайлы ақпарат берді. Сонымен қатар, алдағы уақытта жүзеге асатын ауқымды істер, Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттер, ағымдағы жылы жоспарланған істер баяндама сөз қозғайды.

Ауыл тұрғындары атынан сөз алған Жаксылық Үсенов, Қанат Мәденов, Тамара Тлеубаева, Әзімбек Ойықбаевтар



газ тарту, бокс секцияларының қатарын көбейту, жол қауіпсіздігі, тротуар салу, аудандық орталық аурухана қызметіне көңіл толмаушылық сынды ұсыныс-талаптарын көлденең тартты.

Сауалдарға жауап қайтарған аудан басшысының міндетін уақытша атқарушы Ә. Қилыбаев тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер мен айтылған ұсыныс-пікірлердің барлығы да хаттамаға түсіріліп, ол бойынша тиісті жұмыстар жүргізілетінін айтты.

Жиын соңында өткен жылда атқарылған жұмыстарға ризалықтарын білдірген ауыл тұрғындары ауыл әкімі мен аудан әкімінің есептеріне қанағаттанарлық баға берісті.

Бұл күнгі есепті кездесуге аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев, аудандық мәслихат хатшысының орынбасары И.Салимбаев,

учаскелік полиция қызметкерінің жұмысына көңілі толмайтындығын, жергілікті мәслихат депутаттары халықпен қоян-қолтық тығыз бірлікте жұмыс жасау қажеттігін сөз етті. Зейнеткер Б. Байталиев ұсыныс ретінде болса өмір көрген үлкен кісілерді қоғамда салауатты өмір салтын насихаттау, қалыптастыру ісіне жұмылдыру жайын әңгімеледі. Байзақ

ауданының Құрметті азаматы С.Жаманғараев ауылдардың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан азаматтарға барынша жан-жақты құрмет көрсету туралы ұсынысымен бөлісті.

Ауыл тұрғындары тарапынан туындаған сауалдарға аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ә. Қилыбаев және аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Үкібаев жан-жақты жауап берді.

ЖАНАТҰРМЫС АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Сағат 11.30-да Жанатұрмыста жалғасқан жиында осы округтің әкімі Қ.Шалбаев баяндама жасады.

Аталмыш округ аумағында ірілендірілген 1 Аманкелді шаруа қожалығы, 232 ұсақ шаруа қожалықтары, 1 әскери бөлімше, 1-Ақшолақ темір жол станциясы, 1-Қайнар разъезді, 2 мұнай базасы және 1-Тараз орман кәсіпорны, 1-Байзақ орман шаруашылығы, 1-Аманкелді су пайдаланушылар кооперативі, 1-Байланыс бөлімшесі, 1-АТС станциясы, 5 жанар-жағар май станциясы, 16 қоғамдық тамақтандыру орны, 38 азық-түлік сататын дүкен, 5 мектеп, 2 кітапхана, 1-жануалық дәрігерлік емхана, 4-фельдшерлік тірек және әскери бөлімшеде 1 санитарлық пункт бар.

Осы округте 2013 жылы 98 сәби, 2014 жылы 110 сәби өмірге келіпті. Төрт түлік басы өсіп, жергілікті салық түсімдері де артығымен орындалған. "Жасыл ел" бағдарламасы бойынша да істелінген жұмыстар аз емес.

Жалпы округте атқарылған жұмыстар ауқымды екендігі баяндамада жан-жақты айтылды. Мұнан соң аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ә. Қилыбаев ауданның негізгі экономикалық көрсеткіштері мен жетістіктерін атап өтіп, алда тұрған міндеттерді баяндады. Аудан және округ көлемінде атқарылған жұмыстар слайд арқылы көрсетілді.

Кездесу сұрақ-жауап кезеңіне келгенде Жаңатұрмыс ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы Қ.Аюбаев ауылға көгілдір отын тартылса, ұсақ шаруа қожалықтары ірілендіру жұмысына кеңінен түсінік берілсе деген өтінішін айтты. Жібек жолы ауылының тұрғыны Б. Жүзгенбаев мандай термен өсірілген өнімді өткеретін, өңдейтін цехтар ашылып, ауылдағы ауыз су мәселесі онды шешілсе деген ұсынысын ортаға салды.

-Байзақ ауданы бойынша 21 елдімекенге газ тартылған. Қалған 22 елдімекенді көгілдір отынмен қамту үшін 15 млн.



көпті толғандырып жүрген сауалдарын, ұсыныстарын жеткізді. Атап айтқанда, бокс үйірмесіне қатысушы баласының сабақтан босатылуына мектеп директорының қарсылық танытуы, Берікқара орта мектебіне күрделі жөндеу жүргізу, «Денсаулық» саяжайынан тасымалданатын оқушылар мәселесін көтерді. Әрбір айтылған ұсыныс-талаптар бойынша аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Әзімхан Қилыбайұлы нақты жауаптар қайтарып, кейбір мәселелерге қатысты тиісті мекеме, бөлім басшыларына тапсырмалар жүктеді.

Жиын соңында аудан және ауылдық округ әкімінің 2014 жылы атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағаланды.

ТҮЙМЕКЕНТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Келесі кезекті кездесу Түймекент ауылдық округінде орналасқан мәдениет үйінде ұйымдастырылды. Мұнда да алдымен Түймекент ауылының әкімі Бақыт Алсейтов өз ауылдық округінде атқарылған істер бойынша есепті баяндама жасады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасаған Б.Алсейтов Түймекент округінде мемлекеттік бағдарламалар аясында халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бірқатар игі жұмыстардың атқарылғанын, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды сала-саласымен баяндап, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы мәлімдеді.

Бұдан соң аудан әкімінің 2014 жылы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы туралы есебін аудан басшысының міндетін уақытша атқарушы Ә. Қилыбаев баяндап берді. Салыстырмалы түрде ауданның ауыл шаруашылық өнімінің көлемі, төрт түлік мал басының өскені, мемлекеттік «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан», «Бизнестің жол картасы-2020» тағы да басқа бағдарламалардың орындалу деңгейі, шағын және орта кәсіпкерлік, тұрғын үй құрылысы, автомобиль жолдарын күрделі және ағымдағы жөндеу, білім, денсаулық сақтау, мәдениет салалары, жастар саясаты, көгеріштендіру, көгалдандыру бағытындағы атқарылған істерге жан-жақты тоқталып, слайд арқылы шолу жасады.

Ауыл тұрғындары өз кезегінде көкейде жүрген мәселелерін аудан басшылығына жеткізді. Мәселен, ауыл тұрғындарының ең өзекті мәселесі саналған – ағын су тапшылығы, Түймекент орта мектебінің 100 жылдығын атап өту және осы білім ордасына халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың есімін беруге қолдау көрсету, ауылдық пошта қызметіндегі келенсіздіктер, «Самал» ықшамауданына

аудандық мәслихаттың депутаты Ш.Әшімов, мекеме, бөлім басшылары қатысып отырды.

СУХАНБАЕВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Жұма, 30 қаңтар күні аталмыш округтің әкімі М. Өзбеков тұрғындар алдында есеп беріп, бүгінгі күні округте атқарылып жатқан онтайлы істерге тоқталды.

Ауыл әкімі жалпы ауылдық округтің әлеуметтік – экономикалық жағдайына тоқталып өтіп, кәсіпкерлік, білім, денсаулық, спорт, мәдениет салаларындағы жетістіктері мен өзекті мәселелерін ашық айта отырып, қолға алынған жұмыстар жайлы ақпарат берді. Сонымен қатар, алдағы уақытта жүзеге асатын ауқымды істерді де тілге тиек етті. Бұдан соң аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ә. Қилыбаев 2014 жылы аудан көлемінде тындырылған тірліктер жөнінде есеп берді.

Баяндамашы аудан көлемінде қолға алынған жұмыстарға кеңінен тоқталды. Әсіресе мемлекеттік «Сыбаға», «Құлан»,



«Алтын асық» және өңірлік бағдарламалардың орындалуы, Елбасының халыққа арнаған Жолдауы мен бюджет қаражатының жұмсалыуы, ағымдағы және жақын арада орындалатын іс-қимыл бағдарламасы, өткен жылғы және оның алдында болған есеп берулердегі азаматтардан түскен ескертулер мен ұсыныстардың орындалуына айрықша мән берді.

Алдымен сөз алған Көкөзек ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы Ш. Әмірханов ауыл мектебінің едені бетон болғандықтан, іші суық екендігін тілге тиек етті. Ол сонымен қатар ауылдағы мешіт имамының игілікті және үлгі етерлік істері туралы айтып өтті. Суханбаев ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы Ә. Қосыбаев жақсартылған білім сапасын көтеру, мектеп директорын тағайындауда жергілікті кадрларды тарту, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру, ауылдық

теңгеге қажетті техникалық-экономикалық негіздеме дайындалған. Ендігі жерде аталмыш елді мекендерге газды тарту үшін шамамен 2 млрд.-тан астам қаражат болады. Ондай қомақты қаражат республикалық бюджеттен бөлінетін болса, газ тартылатындығын, қазіргі таңда дағдарысқа байланысты біраз қиындықтар туындап отырғанын Әзімхан Қилыбайұлы айтып өтті. Ол сонымен қатар ауыз су мәселесі, ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіру бойынша да жұмыстар жүргізіліп жатқандығын мәлімдеді.

Жиынға облыс әкімдігінің энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Е.Шолпанқұлов, аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Үкібаев, аудандық мәслихаттың депутаттары, аудан әкімдігінің бөлім басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

Өз тілшілеріміз.

“НҰРЛЫ ЖОЛ- болашаққа бастар жол”

Ұлттық тарихымызды ұлықтау-ұлы міндет

Р.Шәметов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Елбасымыздың 2014 жылдың 11 қарашасы күні жариялаған Жолдауы күні бүгінге дейін қалың бұқараның назарын өзіне аудартып келеді. Экономикалық, әлеуметтік ахуалды оңалтуға бағытталған маңызды құжат ел арасында қызу талқылану үстінде.

Жолдау ел үшін, халық үшін дәл уақытында жарияланды деп ойлаймын. Бұлай дейтін себебім, Мемлекет басшысы қазіргі таңда бүкіл әлемде орын алып жатқан жағдайға тоқтала келе, жаһандық қаржы экономикалық дағдарыс салдарынан айыға қоймағанын баса айтты. Нұрсұлтан Әбішұлы бұл жағдайдың алдын алу, болдырмау жолдарын атап өтті.

Тәуелсіз Қазақстан күннен күнге қарыштап дамыған әрі бағыт-бағдары, мақсат-мүддесі айқын ел екендігі рас. Тұңғыш Президентіміздің «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Жолдауы әлемді шарпыған дағдарыстан, қысылтаяң кезеңдерден қиналмай шығып, елдік міндеттерді өз дәрежесінде іске асыру барысын тиянақтады.

Елбасы Жолдауының негізгі басым бағыты – еліміздің инфрақұрылымын, оның ішінде көлік, теміржол жүйесін, жол құрылысын, тұрғын үй-коммуналдық саласын одан әрі дамыту – жалпы экономикамызды өркендетудің басты қозғаушы күшіне айналатыны белгілі. Ал аймақтардың инфрақұрылымын жетілдіру барысында жаңа жұмыс орындарының ашылуы қазақстандықтар үшін жарқын болашақ кепілі болатыны анық.

Жолдауда әрбір Қазақстан азаматының қоғамда, экономиканың орта және кіші бизнес саласында лайықты орын алу қажеттігі де атап көрсетілген. Нәтижесінде, 2050 жылға дейін орта және кіші бизнестің ел экономикасындағы үлесі 50%-ға дейін жеткізілетін болады. Бұл ел үшін ерекше қуанышты жәйт және еңбек етем деген азаматтар үшін үлкен қамқорлық деп білемін.

Айта кетерлік тағы бір маңызды мәселе, құжатта басымдық берілген мыңдаған шақырым жол салу арқылы алдымен инфрақұрылымды дамытуға қол жеткіземіз, оған қоса халықты жұмыспен қамту көзделіп отыр.

«Татулық – басты байлық» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Солай демекші, ұлт көшбасшысы «береке бастауы - бірлік» екендігін де үнемі айтып келеді. «Нұрлы жол- болашаққа бастар жол» Жолдауында да осы мәселеге мойынша мән берілген. Аға буын өкілі ретінде әсіресе маған Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл құжатта ұлттық тарихымызды ұлықтау жөніндегі мына бір сөздері ерекше әсер етті: «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктігімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық патриотизімді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие» деу арқылы Елбасы өткенді білмей, келешек өркендемейтіндігін анық аңғартты. Жастарды Отанды сүюге баулу басты мүдде екендігін тағы бір ескертіп, бүгінгі күніміз үшін күрескен кеменгер хан, жаужүрек қаһармандарымызды ұлық тұту ұлы мұрат дегенге келтірді.

Шындығында да, тарихтан тағлым алу, өткенді өнеге тұту кейінгі буының басты борышы. Ал, аталмыш мерейтойларға дайындықты бүгіннен кешікпей бастау керек сияқты. Ең бастысы, елде таулық пен тыныштық сән-салтанат құрса болғаны.

Сөзді қорыта келе айтқанда, бұл Жолдау – тек 2015 жылдың бағытын айқындап қана қоймай, алдағы жылдардың бағдарын белгілеген саяси еңбек болғаны белгілі. Оны жүзеге асыру арқылы халқымыздың әлеуметтік жағдайы одан әрі жақсара түсіп, экономикадағы тұрақтылыққа қол жеткіземіз.

Асқар мұраттармен астасқан Жолдау

Қ.Тілемісова, Байзақ аудандық сотының бас маманы.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайын Қазақстан халқына өз Жолдауын жариялап, онда айтылған мәселелер елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпалын тигізіп келеді. Сондықтан да болар, қазақстандықтар Елбасының жасампаз Жолдауын жыл сайын асыға күтеді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арналған биылғы Жолдауында да халықтың хал-ахуалын жақсарту, жолдарды жөндеу, жалпы, өмірге қажетті барлық саланы жаңғыртуға айрықша мән берілген. Құжатта жаңа экономикалық саясаттың өзегі – жеті бағыт бойынша инфрақұрылымдық даму жоспары да айтылған. Олар – көліктік, индустриялық, энергетикалық, әлеуметтік және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ шағын және орта бизнеске қолдау көрсету әрі тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықты сумен және жылумен жабдықтау қажеттігін атап өткен Елбасының сөзі үлкен-кішіге үлкен үміттер сыйлады.

Сол себепті де Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы – жарқын болашаққа бастайтын аса маңызды, қазіргі уақыт үшін өте қажетті стратегиялық құжат болып табылады. Биылғы Жолдау – күрделі, көп салалы бағдарлама. Жолдауда мемлекетімізді, экономикамызды дамытудың барлық бағыттары, даму жолдары көрсетілген. Сондықтан бар күш-жігерімізді салып, жемісті жұмыс жасауымыз қажет. Бұл біздің ортақ парызымыз, басты мақсатымыз.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА – 20 ЖЫЛ

ТАТУПЫҚ-БАСТЫ ТУЫМЫЗ!

«Біз 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылдың 11 қарашасындағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауынан.

А.Шотбасова,
«Ауыл жаңалығы».

Елбасымыздың үстіміздегі жылды Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жариялауы тегіннен-тегін емес. Осыдан 20 жыл бұрын, яғни 1995 жылы 16 ақпанда Президент Н.Ә.Назарбаев еліміздегі ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілерімен кездесу өткізіп, республикадағы ұлтаралық келісімді сақтау және оны одан әрі нығайту үшін республикада жаңа қоғамдық институт – Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқын ортақ мүддеге біріктіретін Ассамблея құру қажеттілігі туындап отырғандығына назар аударды.

Ассамблеяның басты мақсаты: Қазақстандағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жанғыруы мен дамуын қамтамасыз ету, ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру болатындығы айқындалды.

Міне, содан бері Ассамблеяның белсенді қызметінің нәтижесінде Қазақстандағы этностардың мәдени өмірі жандана бастады.

Кеше Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай «Достық пен келісімнің жол картасы» мегажобасы негізінде Байзақ ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы С.Иманова, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы М.Махамбетов бастаған бір топ түрлі ұлт өкілдері мен жастар қауымы Қостөбе, Бұрыл ауылдарында өткен мәдени іс-шараға қатысты.

Алдымен Қостөбе ауылдық клубында, онан соң Бұрыл орта мектебінде ұйымдастырылған мерекелік думанда сөз сойлеген түрік, орыс этномәдени орталықтарының жетекшілері М.Раджамов, Л.Горр татулықты ту еткен тәуелсіз қазақ елінде туып-өсіп, өркен жайып жатқандықтарын мақтанышпен ауызға алып, Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған жылдан бастап атқарылған жұмыстар, болашақ жоспарларымен бөлісті. Ауыл тұрғындарын ынтымақтастыққа шақырып, ел бірлігін бекем ету жолында біріге істеуге үндеді.

Іс-шараның келесі кезеңі концерттік бағдарламаға ұласты. Әл-Фараби атындағы аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары К.Құрымбаева, А.Жылысбекова, Г.Алимулова, М.Купешов, Д.Басқараев, Е.Мамановтар әннен-күйден шашу шашса, аталмыш ауылдық округтерде тұратын түрлі ұлттың ұл-қыздары би билеп, ән салды, жырларын оқыды. Достықтарын паш етті.

Бірлікті басты ұран еткен мегажоба аясында дәл осы күні аудандық емхананың дәрігері Р.Дәулетов, медбике Ж.Аймықұлова және Жамбыл облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы Байзақ аудандық филиалының қызметкерлері Р.Байахметова, З.Амиркуловалар ауылдықтардың қан қысымдарын өлшеп, қажетінше медициналық кеңестерін берді.

Мегажоба алдағы күндері өзге де ауылдық округтерде жалғасатын болады.

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛМІЗ

1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Елбасымыз Жарлыққа қол қойған болатын. 2007 жылы Ассамблея конституциялық орган мәртебесіне ие болып, оның конституциялық кепілді парламенттік өкілдігі-ҚР Парламенті Мәжілісіне 9 депутат сайлау құқығы қамтамасыз етілді. 2008 жылғы 20 қазандағы “Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы” Заңы Ассамблеяның құрылымы мен қызметінің, оның елдегі қоғамдық-саяси жүйесінде алатын орны мен рөлінің нормативтік-құқықтық реттелуін заңнамалық негізде қамтамасыз етіп, оның конституциялық парламенттік өкілдігін іске асырды.

“Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы”, “Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасы Ассамблеяның негізгі стратегиялық құжаттары болып табылады. Ассамблея 20 жыл ішінде қоғамдық келісімнің қазақстандық моделінің негізгі құраушы бөлігіне айналып қана қоймай, Қазақстан халқының бірлігін нығайту, қоғамды Мемлекет басшысының бейбітшілік пен келісім саясаты аясында шоғырландыру, “Қазақстан-2050” Стратегиясының, 2020 жылға дейінгі Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тұжырымдамасының мақсаттарына жету болып табылады.

Ассамблея жылының басты идеясы: “Менің елім-Мәңгілік ел” атты айдарда өтіп, тәуелсіз елдің халқын біріктіретін және Мемлекет басшысының “Қазақстандық жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ” және “Нұрлы жол-болашаққа бастар жол” атты Жолдауларында көрсетілген басты құндылықтарға негізделген.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты халыққа арнаған Жолдауында «Ассамблея құрылуының 20 жылдығын атап өту арқылы біз қазақстандықтардың рухани

күш-қуатын арттыруымыз және толеранттылығын еселеуіміз керек. Сондықтан да, біз Қазақстан халқын ең үздік және мәңгілік құндылықтар - ел игілігі жолында ынта мен жігерді, еңбекқорлықты және мақсаткерлікті арттыруға шақырамыз. Этностаралық келісім - ол өміршеңдік оттегісі» деп ерекше атап өтті.

Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылатындығын атап өткен Елбасы Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі - ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана емес, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналғандығын айтты.

Қазіргі таңда Ассамблея этностаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құралға айналып, елімізде тұмыр кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші рөлге ие бірден-бір ұйым. Ассамблея жылы - бұл Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ата Заңымыздың 20 жылдығы және Ұлы Жеңістің 70 жылдығы аспектілері бойынша ашылады. Ассамблея жылына орай 6 ақпанда еліміздің түкпір- түкпірінде, соның ішінде ауданымыздың орталық алаңында Ассамблея туы салтанатты жағдайда көтеріледі. Барлық білім ошақтарында “ҚХА-бірлік, келісім және достық” атты тарихи сабақтар өткерілсе, кітапханаларда тақырыптық көрмелер ұйымдастырылады. “Жастар қоғамдық келісімді қолдайды!” атты жастардың флэш-моб іс-шарасы өтіп, “Мен, сен, ол-ортақ отбасымыз!” атты балалардың мерекелік бағдарламасы, қылқалам шеберлерінің “Бір ел-бір тағдыр” атты көрмесі, “Бәріміз бірге- мықтымыз!” спорттық сайыстар, “ҚХА-фото шежіресі” атты көрме және ұлттық нақыштағы колорет шеберлерінің “Көрме-жәрменкесі” тұрғындарға қуаныш сыйлайтын болады.

Тағдыр талайына ұшыраған сан халықтарды құшағына сыйдыра білген қазақ даласы ұлыс пен ұлттың құтты қонысына айналды. Олай болса, татулықты ту етіп, бірлікті ұлықтаған тәуелсіз еліміздің ұлық мерекесі құтты болсын, ағайын!

Өз тілшіміз.

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ САЛЫҚТАН ҚҰРАЛАДЫ

Салық жинау – аса маңызды мемлекеттік қызметтің бірі. Салық қызметінің негізгі міндеті – заңды және жеке тұлғалардан түскен салық есебінен халықтың қазынасын еселеу.

Біздің мемлекеттің салық саясаты экономиканы дамытуда, әлеуметтік ахуалды көтеруде үйіспестік, реттеуші рөл атқарып келеді.

Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Серікбаев Айтбайбек Есрікпеұлымен газет тілшісінің әңгімесіне осы тақырып арқау болған еді.

– **Айтбайбек Есрікпеұлы, салық қызметінің жұмыс сапасы болжамдалған көрсеткіштердің орындалуымен бағаланатыны белгілі. Бюджеттің кіріс бөлігі түсімін қамтамасыз ету салық қызметі органдарының негізгі міндеті. Осы ретте мемлекеттік, республикалық, жергілікті бюджеттердің түсімдері туралы айтып өтсеңіз?**

– Жалпы өткен жылға Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік бюджеттің болжамы 1905,3 млн.тенге болып бекітілген. Осы жылы бюджетке нақты 1930,9 млн. тенге түсіп, жоспардың орындалуы 101,3 пайызды құрап, түсім 25,3 млн.тенгеге артты.

Оның ішінде, республикалық бюджет бойынша 2014 жылға болжам сомасы 386,7 млн.тенге болса, нақты түскені 1537,5 млн.тенгені құрады, орындалуы 101,2 пайыз, 18,6 млн. тенгеге артық түсім жасалды. 2013 жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 110,5 пайыз немесе 145,5 млн.тенгеге жетіп отыр. Оның ішінде, атап айтқанда, аудандық бюджет бойынша 2014 жылға бекітілген болжам 1037,7 млн. тенге болса, нақты түскені 1053,9 млн. тенге, орындалуы 101,6 пайыз, болжамнан артық 16,2 млн.тенге түсім қамтамасыз етілді. 2013 жылмен салыстырғанда 79,3 млн.тенгеге түсім артып отыр. Осы тұста назарға алатын нәрсе ол аудандық бюджеттің болжамы және түсімі алғашқы рет 1 миллиардтан асқаны болып отыр.

– **Бекітілген болжам сомаларын толық және сапалы орындауына қол жеткізудің басты себептеріне тоқтала кетсеңіз?**

– Бекітілген болжам сомаларды толық және сапалы орындауына қол жеткізудің басты себептері – Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментімен, аудан әкімдігімен бекітілген арнайы іс-шара жоспарларының басқарма тарапынан сапалы орындалуы және аудан салық төлеушілерінің жылдан жылға салық мәдениетінің жақсарып, өз міндеттемелерін толық орындауында деп айтуға болады.

– **Қосымша түсім көздерін анықтау мақсатында басқарма тарапынан өткен жыл аралығында салық төлеушілердің салық органына тапсырған салық есептіліктеріне және уәкілетті органдардан алынған мәліметтерге сәйкес, камералдық бақылау жасалынып, нәтижесінде бюджетке қосымша барлығы 182,7 млн. тенге есептелініп, толығымен өндірілді.**

Атап айтар болсақ, республикалық бюджет бойынша барлығы 136,0 млн.тенге (корпоративтік табыс салығы бойынша 21,3 млн. тенге, қосымша құн салығы бойынша 113,3 млн. тенге, Ресей Федерациясы аумағынан әкелінетін Келен одағы тауарларына салынатын қосымша құн салығы бойынша 1,4 млн.тенге) өндірілді.

Жергілікті бюджет бойынша барлығы 46,7 млн.тенге (жеке табыс салығы бойынша 0,4 млн.тенге, төлем көзінен салық салынабайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 13,9 млн.тенге (мұның ішінде мүлкілік табыс 4,1 млн.тенге) және әлеуметтік салық бойынша 0,2 млн.тенге, қоршаған



ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша 5,1 млн. тенге, жеке тұлғалардың көлік құралдары салығы бойынша 27,0 млн. тенге, жер салығы бойынша 0,1 млн.тенге) өндірілді.

Атап айтқанда, жыл басынан мүлкілік табыс бойынша 59 салық төлеушіден 4,1 млн. тенге өндірілді. Сонымен қатар:

– газ құбыры жүруден өтемақы алатын салық төлеушілер бойынша талдау жұмыстары жүргізіліп, бүгінгі таңда салық төлеуге тиісті 77 салық төлеушінің 65 салық төлеушісі 9,6 млн. тенгеге салық есептілігін тапсырып, бюджетке толық төленді.

– аудандық әділет басқармасының №9 қосымшасына сәйкес, ұсынылған мәлімет бойынша 198 салық төлеуші камералдық бақылаумен қамтылып, нәтижесінде 20 салық төлеушіден 0,1 млн.тенге жер салығы бойынша бюджетке өндірілді.

– аудандық әділет басқармасының №9 қосымшасына сәйкес, ұсынылған мәлімет бойынша 198 салық төлеуші камералдық бақылаумен қамтылып, нәтижесінде 20 салық төлеушіден 0,1 млн.тенге жер салығы бойынша бюджетке өндірілді.

– қоршаған ортаға эмиссия төлеміне қосымша резервтерді анықтау мақсатында «Бюджетті дамыту» және «Бизнестің жол картасы-2020» инвестициялық бағдарламалары бойынша аудан көлемінде құрылыс жұмыстарын жүргізген мердігерлердің қоршаған ортаға эмиссия төлемінің салық есептілігін және төлеміне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде қоршаған ортаға эмиссия төлеміне 48 салық төлемгерінен 5,1 млн. тенге өндірілді.

– аудан көлемінде уәкілетті органның мәліметіне сәйкес 10565 көлік құралы тіркелген. Аталған көлік құралдарының соңғы 5 жылға салықтарының уақытылы және толық төленуіне камералдық бақылау жүргізу нәтижесінде салық міндеттілігін орындамаған 3020 салық төлемгеріне 32,1 млн. тенгеге хабарлама жолданды. Нәтижесінде 1954 салық төлеушіден 25,9 млн. тенге бюджетке өндірілді. Сот органдарына 219 құжат 4,4 млн. тенгеге жолданды. Нәтижесінде 41 салық төлеушіден 1,1 млн. тенге бюджетке қайтарылды.

– **Елбасының «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында шағын және орта бизнесті дамыту мен сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алудың маңыздылығы айтылған, осы бағытта қандай жұмыстар атқарылуда және салықтық қызмет көрсетудің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстардың барысы қалай?**

Елбасымыздың халыққа Жолдауындағы басым бағыттардың ішінде шағын және орта бизнесті дамытумен сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алудың маңыздылығы айтылды. Ел экономикасының ілгері басуына шағын және орта бизнестің қосар үлесі зор. Дамыған елдерде экономиканың қомақты бөлігін осы шағын кәсіпкерлік құрайды. Сондықтан мемлекет шағын және орта бизнестің қанағат жасайна жағдай жасап, табысты саланың өркендеуіне айрықша көңіл бөледі. Шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасалында. Жемқорлықтың алдын

алу мақсатында заңдылық аясында үнемі және жүйелі түрде жұмыс жасауға міндеттіміз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу мақсатындағы жұмыстар басқармада қатаң бақылауда. Қызметкерлер арасында әрдайым ҚР заңдарына және нормативтік актілер бойынша, оларға енгізілген өзгерістер мен талаптарға сәйкес, кәсіби сабақтар өткізіліп тұрады. Аудандық құқық қорғау органдары, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы өкілдерінің қатысуымен 5 дөңгелек үстел, семинарлар өткізілді. Аудандық «Ауыл жаңалығы» газетінде 5 мақала жарияланды.

Ауданның салық төлеушілеріне «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексідегі 2014 жылға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды жеткізу, түсіндіру мақсатында 13 мақала жарияланды және 7 рет семинар, дөңгелек үстелдер өткізілді.

Ағымдағы жылы да аталған ҚР Салық Кодексіне (тексерулерге, қосымша құн салығы ретінде тіркеуге, шаруа қожалықтарға, жеке кәсіпкерлерді оңайлатып таратуға, тіркеуге қатысты және т.б.) және «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінеді біркатар өзгерістер енгізілген. Осы өзгерістерді салық төлеушілердің назарына жеткізу үшін тиісті түсіндіру (мақала, семинар, т.б.) жұмыстары жүргізілетін болады.

Ағымдағы жылдың 1-ші қаңтарына мемлекеттік кірістер басқармасында барлығы 71 528 салық төлеушілер тіркелген, оның ішінде, заңды тұлғалар-453, жеке кәсіпкерлер 2035, шаруа қожалықтары-2933, адвокаттар-6, нотариустар-7, жеке тұлғалар-66094 құрап отыр.

ҚР Мемлекеттік кірістер органдарына бекітілген мемлекеттік қызметтер бойынша 2014 жылы Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасымен жалпы 19 824 мемлекеттік қызмет уақытылы мерзімінде және сапалы көрсетілді. Оның ішінде: 7377 – электронды түрде, ХҚКО арқылы -2 қызмет көрсетілді.

2014 жыл ішінде барлық салық және басқа да төлемдер бойынша 17 628 ағымды, қосымша және хабарлама бойынша қосымша салық есептіліктері қабылданды және енгізілді. Оның ішінде қағаз тасығышты -381, электронды түрде -17223, пошта арқылы 24 тапсырылды.

– **Бүгінгі таңда бюджет түсімдерінің қосымша көздерін табу, салық базасын кеңейту бағытына маңызды мәселенің бірі болып табылады. Бұл бағытта қандай шаралар қолға алынып жатыр? Салық төлеушілердің бюджетке қарыздарын өндіру жөнінде, жалаған кәсіпкерлікпен күрес туралы не айтасыз?**

Сөз басында жоғарыда айтып өткен қосымша есептеліп, өндірілген 182,7 млн.тенгенден бөлек Есепті мерзімде барлығы 59 салықтық тексеру жұмыстары жүргізілді, оның ішінде кешенді –1, тақырыптық –4, қарсы тексеру -29 жекелеген сұрақтар бойынша тақырыптық-4, бақылау-актісі -21.

Кешенді салық тексеруі нәтижесінде барлығы 1,8 млн. тенге қосымша салықтар есептелінді. Сонымен қатар, 33 салық төлеушінен таратылуы бойынша өтініш қабылданып, камералдық бақылау қорытындысына сәйкес, 12 салық төлеуші бойынша 4,3 млн. тенгеге қосымша салықтар есептелді.

Жұмыспен қамтумен айналысатын уәкілетті органдардан алынған мәліметтер негізінде «Жол картасы» және тағы да басқа мемлекеттік бағдарламалар негізінде жұмысшылар жалдаған шаруа қожалықтардың салық

есептіліктеріне камералдық бақылау жүргізіліп, 22 хабарлама жолданды. Нәтижесінде 18 хабарлама бойынша қосымша жеке табыс салығына 0,3 млн. тенгеге, 0,9 млн. тенгеге зейнетақы қорына, 0,3 млн. тенгеге әлеуметтік аударымға салық есептіліктері тапсырылды. 4 хабарлама бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Мемлекеттік кірістер басқармасында 2014 жыл басына салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек сома 21,9 млн.тенгені құраған болса, жыл соңында берешек сома 10,3 млн. тенгені құрады. Жыл басымен салыстырғанда мәжбүрлеп өндіріп алу тәсілдерімен шараларын қолдану нәтижесінде 11,6 млн. тенгеге азайды.

Берешек сомаларын мерзімінде төлемеген 28 салық төлеушіге «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 210-бабы бойынша және 38 салық төлеушіге 219-бап бойынша барлығы 1,6 млн. тенге айыппұлдар салынып, оның 1,1 млн. тенгесі өндірілді. Міндетті зейнетақы қоры алдында міндетті зейнетақы жарналары бойынша 2014 жыл басына берешек сома 23,1 млн.тенгені құраған болса, жыл соңында берешек сома 17,9 млн. тенгені құрады. Жыл басымен салыстырғанда мәжбүрлеп өндіріп алу тәсілдерімен шараларын қолдану нәтижесінде 5,2 млн. тенгеге азайды.

Сонымен қатар 01.01.2014 жылға бересі сома 8,5 млн.тенге болса, жыл соңында 3,8 млн.тенгені құрап Жыл басымен салыстырғанда 5,7 млн.тенгеге азайды.

Міндетті зейнетақы қоры алдында міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек сомалары бар салық төлеушілердің төлемді уақытылы аудармағаны үшін, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 88-бабының 3- тармағы бойынша 84 салық төлеушіге ескерту түрінде шара қолданылды.

Міндетті сактандыру қоры алдында әлеуметтік аударым бойынша 2014 жыл басына берешек сома 3,7 млн. тенгені құраған болса, жыл соңында берешек сома 2,6 млн.тенгені құрады. Жыл басымен салыстырғанда мәжбүрлеп өндіріп алу тәсілдерімен шараларын қолдану нәтижесінде 1,1 млн. тенгеге азайды.

Сонымен қатар 01.01.2014 жылға бересі сома 2,3 млн.тенге болса, жыл соңында 1,4 млн.тенгені құрап Жыл басымен салыстырғанда 0,9 млн.тенгеге азайды.

Жеке тұлғалардың мүлік салығынан аудан бойынша 2014 жылға бекітілген болжам соманың орындалуы 101,7%, жер салығынан орындалуы 103,5% құрады.

Осы салық түрлерінен жыл соңына берешек сома жоқ, толығымен өндірілді. Болжамның орындалуы және берешектің толық өндірілуі жеке тұлғалардың салықтарын уақытында төлеуінен және басқарма бақылауында болып, ауыл әкімшіліктерінің салық жинаудағы жұмыстарын жақсы ұйымдастыруында деуге болады.

Жеке тұлғалардың көлік салығынан аудан бойынша 2014 жылға бекітілген болжам соманың орындалуы 104,4% болып, түсім 3,0 млн. тенгеге артты. Болжам орындалғанымен көлік иелері тарапынан тиісті көлік салығын төлеу фактілері әліде орын алуда.

Көлік құралдарына есептелген салықтарын төлемеген, сот шешімі шыққан алайда онда да төлемген жеке тұлғаларды анықтау мақсатында 2014 жылы 12-18 наурыз, 10-12 қараша аралығында аудандық кірістер басқармасы қызметкерлері, аудандық ішкі істер бөлімінің және Байзақ аудандық сот актілерін орындау аумақтық бөлімінің қызметкерлерімен аудан орталығы Сарыкемер ауылында бірлесіп жұмыстар өткізілді, нәтижесінде 224 салық төлеушіден соңғы 5 жылға 2,0 млн. тенгеге көлік салығы бұрын өндірілді.

Басқарма тарапынан көлік салығының толық көлемде және дер кезінде бюджетке түсуі әрдайым бақылауда болады және көлік иелерін

белгіленген салықты уақытында толық көлемде төлеуге шақырамын.

Жалпы өткен жылы салық заңдылығын бұзуға жол берген салық төлеушілерге 517 әкімшілік істер дайындалды. Оның ішінде, ескерту түрінде -392 іс және өз еркімен төлеу туралы -60 хабарлама табыс етіліп, 2,3 млн. тенгеге айыппұл салынды. Сондай-ақ 65 әкімшілік іс бойынша тиісті қаулы шығарылып, 2,5 млн. тенге айыппұлдың 1,6 млн.тенгесі бюджетке өндірілді.

Салық салу сұрақтары бойынша 2012 жылдың 26 желтоқсанындағы №61-V “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне толықтырулар және өзгертулер енгізу туралы» ҚР Заңының 2-бабына сәйкес, 2014 жылы Жамбыл облысы бойынша экономикалық сотына салық органдарына 01.01.2012 жылға дейін салық есептіліктері 5 жылдан артық мерзімде тапсырмаған және Салық Кодексіне сәйкес, кәсіпкерлігін уақытша тоқтатпаған, 01.01.2014 жылға ҚКС бойынша төлеуші болып тіркелмеген, иелігінде жер, мүлік, көлік құралдары тіркелмеген 26 заңды тұлға және 147 жеке кәсіпкерлер бойынша мәжбүрлеп тарату мақсатында өтініштер жолданды. Осы жолданған өтініштің ішінде 2014 жылы 166-сы экономикалық соттың мәжбүрлеп тарату туралы шешім шығып, таратылды.

Басқармада соттың заңды күшіне енген қаулысының негізінде тіркелуі жарамсыз деп танылған және жалған кәсіпкер болып танылған салық төлеушілер тіркелмеген. Алайда, есепті мерзім аралығында тіркелуі жарамсыз деп танылған және жалған кәсіпкерлермен өзара қарым-қатынас жасасқан контрагенттері 18 салық төлеуші анықталды. Оларға бұзушылық сомасы 49,1 млн. тенгеге камералдық бақылау нәтижесі бойынша анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы 36 хабарлама қалыптастырылды. Нәтижесінде тіркелуі жарамсыз деп танылған және жалған кәсіпкерлермен өзара қарым-қатынас жасасқан контрагенттер хабарламада көрсетілген кәсіпкерлерді жою мақсатында қосымша салық есептілік нысанын тапсырып, бұрын есепке жатқызылған 8,8 млн.тенгені қосылған құн салығы есепке жатқызылудан алып тастап, бюджетке қосымша төледі.

– **Сөз**